

Біз әдебиет пен мәдениетті сөзге тиек етсек, ең алдымен Абай атамыздан кейінгі аға буынның еңбектерін еске аламыз, екшейміз. Осы үрдісте қазіргі көзі тірі классик жазушы ағамыз Софы Сматаевты атап өтуіміз керек. Софы аға тура соғыс басталған күні, яғни 1941 жылдың 22 маусымында туған екен. Биыл міне, сол қанқұйлы қырғынға 80 жыл толыпты, сәйкесінше Софекен де 80 жасқа келіпті. Сәйкестік деген - осы.

Сарыарканың Шет ауданындағы Киік деген ауылында дүниеге келген ағамыз білім қуып, кезінде сонау Мәскеудің төрінен бір-ақ шығып, атышулы болат және қорытпа институтын тәмамдаған. Сол оқу орнының қабырғасында оқи жүріп орталыққа іссапарға жиі барып тұратын ұлы Мұқаңмен-Мұхтар Әуезовпен бірнеше мәрте кездескен. Алдында Мұқаң оның әдеби талантын танып, «осы оқуыңды тастама, алдымен капитальный жақсы мамандық ал, өмірді көр, ал жазу ешқайда қашпайды» деп кеңес берген. Тағы да данышпан жазушы «карта мен шарапқа әуес болма, үйленсең, тек қазақ қызын таңда» деген екен. Софы ағамыз сол кеменгер Мұқаңның өсиетін орындаған бірден-бір шәкірті болды.

Оқуын бітірген жас металлург Алматыдағы Ғылым академиясының Асқар Қонаев жетекшілік ететін Түсті металлургия институтына орналасады. Сонда жүріп ғылыми диссертациясын даярлайды. Асқар Қонаев бағыт-бағдар беріп отырады. Бір жағы шығармашылығы қысып, өлеңдері, шығармалары баспасөз бетінен жиі көріне бастайды. Сөйтіп не керек, ағамыз тұтастай шығармашылыққа ден қояды...

Софы ағамыз тума талант! Оның алғаш 1978 жылы шыққан «Елім-ай» романы оқырманды дүр сілкіндіріп, бестселлерге айналды. Оны сол тұста Мәскеудің түбіндегі демалыс орнында жатып оқып шыққан Үкімет басшысы Байкен Әшімов керемет риза болып, Софыны қабылдаған сәтте оған фильм түсіру керек деп кеңес береді. Одан кейін романның



екінші, үшінші кітаптары жарық көреді. Бірақ бізде қызғаныш деген қызыл ит бар ғой, ол Софекеннің алдынан ылғи шығып балағына жармаса берген... Оны «Жұлдыз» журналының редакциясында істегеннен кейін Орталық Комитет қызметке алады.

Міне, сол мезетте Желтоқсан көтерілісі бұрқ ете түсті. Біз желтоқсанның 18-і күні Қазақ энциклопедиясы редакциясынан Жоғарғы редакторлық курста оқып жүріп, Ермек Аманшаевпен бірге Гагарин көшесінен алаңға жаяу тарттық. Жолшыбай Советхан Ғаббасовты ертіп алдық. Күләш Байсейітова көшесі тұсынан кіре берсек, алдымыздан қолдарына күрекше, қалқан ұстаған әскерилер қарсы алды. Ал сол қапталдан Орталық Комитет жақтан Сматаев жаяу түсіп келе жатты. Ол: - Жігіттер, бармандар онда, бекер арандап қанға бөгесіндер, міне, көрмейсіңдер ме, Ресейден жасақтарын әкеп төккенін, - деді...

Софекен - Орталық Комитетте істеп жүріп, халқымыздың мандай-алды ұлдары Олжас Сүлейменов пен Мұхтар Шахановты әпербақан Колбиннің алдында шырылдап қорғап қалған азамат. Сөйтіп ол қызметтен қуылған. Ол - ұлы ұстазының аманатын адал атқарған жан. Мұхаң - «Абай жолы» тетралогиясын жазса, Софы да - «Елім-ай» тетралогиясын жазған жан. Барлығы 20 том көркем шығарма жазыпты ақберен ағамыз. Жасай беріңіз, жасампаз, дарқан көңілді, ажарылақпа сезімді ардақүрең ардағымыз!

**Бақытжан ТОБАЯҚ,
ҚР Мәдениет қайраткері,
Ә.Бөкейхан атындағы
сыйлықтың лауреаты**